

Білге қағанның қарамағындағы түркі халқын әділ әрі шебер басқара алуы арқасында және қолбасшы Күлтегіннің әскери жеңістері мен Екінші Түрік қағанаты қайта жаңғырды. «Күдіретті үштіктің» – Білге қағанның, Күлтегіннің және Тоныкөктің мақсаты – Қағанатты қалпына келтіру болатын. Білге қаған – Тоныкөк – Күлтегін, яғни «үштік» жүргізген қағанаттың ішкі және сыртқы саясаты өз нәтижесін берді. Қапаған хан басқарған кезеңдегі «аш-жалаңаш» тозған елді «үштік» киіндірді, байытты және көбейтті. Нәтижесінде 722-741 жылдар арасы түркілер үшін тыныштық орнаған уақыт болды [11, 78 б.].

731 жылы Күлтегін қайтыс болады. Күлтегіннің қайтыс болғанын естіп, оның қазасына дүниенің төрт бұрышынан көңіл айтуға елдер мен мемлекеттерден елшілер келеді. Білге қаған Күлтегіннің қайтыс болғанын хабарлап, арнайы киелі орын құрылысын тұрғызатын шеберлер мен бәдізшілерді жіберуін өтініп, Тан империясынан көмек сұрайды. Ол туралы Күлтегін ескерткішінің мәтінінде Білге қағанның атынан «Мен мәңгітас тіктім (тұрғыздым). Табғач қағаннан бәдізші келтірдім. Менің сөзімді қайтармады (сындырмады). Табғач қаған (император) Ордадағы бедерлеушісін (шеберін) жіберді. Көңілдегі сезімді шектірдім» [12, 120 б.], – деп жазып қалдырды. 734 жылы Білге қағанды қытай императорының мол сыйлығына сатылған түрік ақсүйегі улап өлтіреді. Өзінің уланғанын білген Білге қаған сатқынды бүкіл әулетімен жазалауға бұйрық береді [3, 254 б.].

Түркі тайпаларының біріктіріп, мемлекетке айналдырудағы ұлы жорықтарда қаһармандық істерімен атақтары жайылған Білге қағанның зор жетістіктерін мәңгі есте қалдыру үшін арнайы өзі дайындатқан зәулім қабырға тастарға көне түркі бітіктің таңба-әрпімен жазу жазып, тарихи дерек ретінде, баласы Иоллығ-тегін жаздырып, келер ұрпаққа өсиет етіп қалдырды.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар. 2-бөлім. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 480 б.
2. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. Алматы: Абзал-Ай. – 2003. – 312 б.
3. Салғараұлы Қ. Ұлы қағанат. – Астана: Фолиант, 2008. – 552 б.
4. Смағұлов Н.Б., Ташағыл А. Күлтегін жазбасындағы ежелгі түркілердің манифесті. //Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих, философия сериясы. – 2015. – №3 (79). – Б. 52-60.
5. Ташағұл А. Kök Tanrı'nın Çocukları. – İstanbul: Bilge Kültür Sanat, 2015. – 368 s.
6. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 480 б.
7. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Том I. - Москва-Ленинград: Издательство АН СССР, 1950. – 470 с.
8. Çandarlıoğlu G. İslam öncesi Türk tarihi ve kültürü. – İstanbul, 2013. – 104.
9. Ташағұл А. Bilge kagan'ın vasiyeti. – İstanbul: Bilge kültür sanat, 2017. – 88 s.
10. Ташағұл А. Gök-Türkler. I-II-III Cilt. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 2014. – 473 s.
11. Сыздықов С.М. Қарлық – Қарахан мемлекеті: саяси тарих және мәдени мұралары. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
12. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 360 б.

#### Ә. ЕРМЕКОВТЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІН ҚҰРУДАҒЫ ҚАЙРАТКЕРЛІГІ

**Тарыбаева А.К.**, магистрант

(Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент **Бейсенбекова Н.А.**)

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ., Қазақстан

Бүгінгі қазақ ұрпақтарының қол жеткізген тәуелсіздігі мен табыстары, әрине, жүздеген жылдар бойы тынымсыз жүргізген ұлт-азаттық көтерілістерінің, еңселі еркіндікке деген құлшыныстарының нәтижесі екені даусыз. Осындай ұлы мақсат жолында, өткен ХХ ғасырдың алғашқы жартысында Алаш зиялыларын толғандырған елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын, қазақтың дербес мемлекетін құру еді.

Алаш зиялыларының аса ірі тарихи еңбегі қазақ жерін сақтап қалуымен байланысты. Осы күнгі Қазақстан Республикасы жерінің тұтастығы мен сақталып қалуында Алаш қайраткерлерінің орасан зор еңбегі бар. Олардың кеңес үкіметінің басшыларымен келіссөздері, әсіресе Әлихан Бөкейханның, Ахмет Байтұрсынұлының, Әлімхан Ермековтың осы бағыттағы қажырлы еңбегі кейін, Қазақ

автономиялық советтік социалистік республикасын құру кезінде осы автономияның аумағын белгілеуде шешуші маңызға ие болған.

Солардың қатарында халқына беріле қызмет еткен аса ірі саяси қайраткер, «Алаш алыптары тобының» жігерлі өкілі, мемлекет және қоғам қайраткері, әрі ғалым, әрі ұстаз, көрнекті ағартушы Әлімхан Әбеуұлы Ермековтың алар орны ерекше. Ә. Ермеков сияқты аяулы тұлғаның өмірі мен қызмет жолын, еңбегі мен ерлікке тең істерін дұрыс бағалап, әділ баға беру өткен тарихымыз үшін ғана емес, тәуелсіз қазақ елінің ертеңгі жас буынын рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеуге аса қажетті.

Әлімхан Ермековтың «Қазақ» газетінде «Жасасын Алаш, жасасын» деген мақаласында Алаш автономиясының құрылғанын айтып, былай дейді: «... Отансыз жұрт Отанды болды. Автономия бізге өмірлік мақсат еді. Іштегі дертті айта алмай, күрмеліп жүрген қызыл тіл бұл күнде (1917 жыл 12 желтоқсан) дүние жүзін жаңғыртып, Алаш ұранын шақыртып отыр, Алаш! Алаш! Көтер басты, уақыт жетті, сүртелік көзден аққан қанды жасты...» [3, 88 б.]. Осы мақаласы арқылы Әліхан Ермеков қазақ елін ұлттық мемлекеттігін қайта қалпына келгенін хабарлап жазды. Әліхан Ермеков кеңес үкіметі орнағаннан кейін де, ұлтының мүддесі қызмет атқаруды тоқтатқан емес. Соның бірі 1920 жылы В.И. Ленинмен кездесіп, Қазақстанның құрамында Каспийдің, Семей, Ақмола облыстарын қалу мәселесін шешуде үлкен еңбек атқарды.

Орынборда Ә. Ермеков Семей мен Ақмоланың Қырәскериревкомы құрамына қайтарылуы жөнінде баяндама жасайды. Ә. Ермеков өз естелігінде: «Бұл Қазақ автономиясының жасалмаған кезі. Баяндамада мен азамат соғысының аяқталуына байланысты Семей мен Ақмола облыстарын енді Қырәскериревкомның қарамағына қайтару керектігін атап өттім. Және осы мәселені талқылау кезінде болашақ автономиялық республика құру және оның шекарасын белгілеуге байланысты мәселелер көтерілді» [1, 12-13 бб.], - дейді.

Ә. Ермеков Омбы, Орынбор кейін Мәскеуде жасаған баяндамаларында ең алдымен, шекара белгілеуде үлкен маңызға ие болып отырған Қазақстандағы жер мәселесінің тығырыққа тіреліп тұрғандығына басты назар аударады. Кеңес үкіметінің құрылуы барысында және Лениннің көзі тірісінде бұл мәселе біраз шешімін тапқан да еді.

Патша өкіметі тұсында қазақтың өзен-көлдің жағасындағы, жайқалған орман-тоғайлар мен құнарлы, қаратопырақты жерлері сонау XVIII – XIX ғасырлардың өзінде-ақ заңдылыққа қайшы бола тұрса да, тұрғылықты халықтан тартып алынып, Ертіс, Жайық сияқты өзендердің бойындағы он шақырымдық алап, кейін 70 шақырымға дейін созылып, бұл жерлерге қазақ қыстау салмасын, егін екпесін деген жарлықтармен олардың көшіп-қонуына тыйым салынған болатын... [2, 127 б.].

Осы мәселелер бойынша және Семей мен Ақмоланың Қырәскериревкомға енуі жөнінде үлкен жауапты жұмысты жүзеге асыру үшін, жаңадан құрылмақшы «Қазақ АКСР-нің жалпы жағдайы мен оның шекара мәселесі» жөнінде баяндама жасау үшін 2043 нөмірлі мандатпен Мәскеуге аттанады [3, 136 б.].

Мәскеуге келгеннен кейін Ә. Ермеков өзін іскер, алғыр, жан-жақты білімді, мәдениетті қайраткер ретінде көрсетеді. Сөйтіп, В.И. Лениннің төрағалық етуімен болған БОАК жанындағы арнаулы үкімет комиссиясының Қырғыз (Қазақ) Республикасының шекарасын белгілеген мәжілісте Ә. Ермеков баяндама жасап, Қазақстандағы шекараны анықтауда үлкен маңызы бар күрделі де, шиеленіскен жер мәселесіне тоқталады. Каспий теңізінің солтүстік Нарын құмы жағалауын Астрахань губерниясына қайтарып, Қазақстанның шекарасын анықтауда өз ұсыныстарын жасайды. Осы аймақты болашақ Қазақ автономиясына қосу мәселесін көтергенде бұл ұсынысқа партияның көрнекті қайраткерлері Ш.З. Элиава, Н.П. Брюханов, Н.Н. Крестинский, Астрахань губаткомының төрағасы ашық қарсы шығады. Бұл жерлердің қалай да Ресей құрамында қалуын көздеген олар: «...қазір Ресейде аштық әлі қабындап тұр. Атыраудың балығы астанамызға – Мәскеуге, Петроградқа қажетті азық-түлік. Сондықтан бұл алқапты РКФСР-де қалдыру керек» [4, 124 б.], - деп негіздеген. Бұл пікірге Ә. Ермеков «...аймақта тұратын халықтың көпшілігін қазақтар құрайды. Бұлардың негізгі кәсіптерінің бірі балық аулау. Табыс табу үшін бұрын жалданатын, егер бұл жағалау енді өз иеліктеріне көшсе, орталыққа беретін өнімді екі, үш есе арттырады» [3, 138 б.], – деп тұжырымдайды.

Бүгінде республикамыздың батысында орналасқан Атырау облысының, Теңіз ауданындағы Ганюшкино, Забурение, Жанбай секілді елді мекендері халыққа жайлы қоныс болып, ал Каспийдың табиғи байлығы күн көрістің қайнар бұлағына айналды [5, 12 б.]. Ә. Бөкейхан, Ә. Ермеков сынды қазақ зиялыларының Қазақстанның территориялық тұтастығын реттеудегі қызметтерінің бір көрінісі ғана.

1920 ж. 26 тамызда РКФСР Бүкілресейлік Орталық атқару Комитеті мен Халық комиссарлары кеңесі М.И. Калинин мен В.И. Ленин қол қойған, «Қырғыз (Қазақ) автономиялық Кеңестік Социалистік республикасын құру туралы» декреті жарық көрді. Осы декреттің 11-бабында Семей мен

Ақмола губерниялары «Қырғыз Республикасының Орталық органдары түпкілікті ұйымдастырылғанға дейін Сібір ревкомының құрамында қалады [3, 140 б.]», - деп көрсетілген. Ақмола мен Семей губернияларын алып қалудың бір себебі бартын, осы кезде қуаңшылық болған кезде Ресейдің 28 губерниясының ішінде, егіннің бітік шыққаны осы Ақмола мен Семей. Сол себепті ұланғайыр территориясы мен Омбыға дейін темір жол мен су жолдары қамтамасыз етілген шұрайлы жерден Ресей бірден айырылғысы келмеді.

Ә.Ермеков аталған губерниялардың шекараларын айқындау, осы территориядағы мекемелердің мүлкі, құрал-жабдықтары мен қаражат мәселесін шешу үшін бірден келісімге келе алмай Мәскеуге бірнеше рет шағымдануға дейін барады.

Қазақ АКСР-інің «Семей, Ақмола, Торғай және Орал губернияларындағы бас учаскелерді еңбекші қазақ халқына қайтару туралы» (1921 ж. ақпан), «Патша өкіметі қазақ жерлерінен меншігіне алған жерлерді: Сібірдегі казак әскерлеріне, Оралдағы казак әскерлеріне алған жерлерді еңбекші қазақ халқына қайтару туралы» (1921 ж. сәуір) декреттерін [6, 246 б.] басшылыққа ала отырып, қазақ халқы білектің күші, найзаның ұшымен қорғаған жер оның заңды мұрагерлеріне қайтарылды.

Сонымен Ә. Ермековтың Кеңес үкіметінің саяси басқару жүйесіндегі қызметі 1919 ж. желтоқсанына басталып жиырмасыншы жылдардың соңына дейін жалғасты. Осынау қысқа мерзімнің ішінде-ақ, Ә.Ермеков Қазақстан Республикасының саяси тарихының беттерінде өзінің жарқын бейнесін мәңгіге қалдырып үлгерді. Оның тікелей қатысуымен қазақ жерінің тұтастығын сақтау, шекарасын анықтау сияқты ең маңызды жұмыстар жүргізілді. Атап, айтқанда Батыс Қазақстан өңірінің Каспийдың солтүстік жағалаулары мен Семей, Ақмола облыстары жерлері, кейіннен Коростелев даласының Қазақстанға қайтарулы.

Осы шаруаға Алаш атынан жауапты болған, жалындаған жас Әлімхан Ермеков – қай заманда болмасын, қазақ саяси элитасына, әсіресе, елім-жерім деген жас азаматтарға үлгі боларлық тұлға.

Біздің бабалар рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парымыз Алаштың аманатына адал болу, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің негізгісі – Алаш идеясын бүгінгі жас ұрпақтың бойына сіңіру. Себебі Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту – бүгінгі тәуелсіздігіміздің берік ұстанымы.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Нұрсұлтанов Қ. Әлімхан Ермеков // Білім және еңбек. -1967. -№6.
2. Бөкейханов Ә. Екі жол // Қазақ. 1915. -№100,101; «Қазақ» газеті /Бас редактор Ә.Нысанбаев.
3. Өскембаев К.С. Ә.Ермековтың қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі (1891-1970 жж.). – Қарағанды, 2003
4. Нұрпейсов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995
5. Әбсеметов М. Қазақтың шекарасын қорғап қалған Алаш ұлы // Қазақстан мұрағаттары. – 2012. - 21 қаңтар.
6. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы:Санат, 1995.

#### ЕУРАЗИЯШЫЛДАРДЫҢ ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІҢ ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

**Токашева А.Н.**, магистрант

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

Көшпенді өркениетіне деген, Ұлы Дала тарихына деген ғылыми ортадағы осы күндерге дейін орын алып отырған евроцентристік концепциялардың, көзқарастардың бас тарту мақсатында түркітөктес халықтардың тарихи, өркениетіне объективті ғылыми көзқарас қалыптастыру жолдарында тарихнамалық талдаулардың орны мен қорытындылары өте маңызды.

Тарихнамалық зерттеулер ғылыми танымдағы жолдың жеткен деңгейін, оның шешілген және шешілмеген мәселелерін айқындайды. Сонымен бірге, тарихнамалық еңбектерде ғылыми ізденістің жаңа мәселелері мен шешу жолдарын көрсетеді. Осыған орай, қазіргі таңда еуразияшылдық ой-пікірлерге деген ғылымдағы, саясаттағы көптеген ғалымдық ұйымдармен, саясаткерлер әртүрлі пікірлер айтып, бөлісуде. Сондықтан еуразияшылдық концепциясы объективті түсінік қабыптастыру мақсатында оның зерттелу тарихын, деңгейін анықтау күн-тәртібіндегі өзекті мәселе деп ойлаймыз.